

ӘОЖ 37.1173

ГТАМР 14.23.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.78.3.036>

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЗАТТЫҚ-ДАМУЫШЫ ОРТАСЫН ҚҰРУДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ

Каримова Р.Е.¹, Алимбекова А.А.², *Булшекбаева А.И.³

^{1,2,*3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны құрудағы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын арттыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Бұл зерттеу қазіргі педагогика ғылымы мен тәжірибесінде маңызды орын алады, себебі заттық-дамытушы орта балалардың физикалық, когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Авторлар зерттеуде заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын атап өтіп, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасаудың әдістемелік негіздерін ұсынады.

Зерттеу барысында С.Л.Новоселованың «Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалау» әдістемесі мен Г.Н.Пантелееваның «Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған заттық-дамытушы орта» әдістемелері қолданылған. Бұл әдістемелер болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде жобалау, талдау, шығармашылық және басқарушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу барысында педагогтердің оқыту процесінде инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Тәжірибелік бөлімде бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырылып, эксперименттік әдістемелердің тиімділігі дәлелденді. Эксперименттік жұмыс барысында болашақ педагогтер заттық-дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру дағдыларын игеріп, оларды білім беру процесінде табысты қолдана білді. Зерттеу көрсеткіштері педагогтердің кәсіби даярлығының жаңа әдістерін қолдану арқылы айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

Авторлар педагогикалық құзыреттілікті дамыту бойынша практикалық ұсыныстар жасап, зерттеу нәтижелерінің мектепке дейінгі білім беру саласындағы сапаны арттыруға қосқан үлесін атап өтеді. Сонымен қатар, мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту ортасын жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар мен стратегиялар қарастырылған, бұл педагогтердің кәсіби өсуіне және балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі ұйым, заттық-дамытушы орта, кәсіби даярлық, педагогикалық құзыреттілік, педагог-тәрбиеші, жобалау, орта құру, маман

Кіріспе

Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортаны құру мәселесі қазіргі педагогика ғылымында және тәжірибесінде маңызды орын алады. Бұл ортаны дұрыс ұйымдастыру балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Қазақстанның білім беру саласында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқытудың сапасын жақсарту, балалардың дамуына қолайлы жағдай жасау басты міндеттердің бірі саналады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [1, 5 б.], «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [2, 15 б.], сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құжаттар балалардың толыққанды дамуы үшін қолайлы орта құрудың маңыздылығын айқындайды.

Мысалы, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» көрсетілгендей мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамыту ортасын құруда педагогтердің кәсіби даярлығы олардың балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту үшін тиімді орта ұйымдастыруда шешуші рөл атқарады [3, 16 б.]. Бұл процесте педагогтер балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, дамытушы материалдарды таңдауда, ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыруда жоғары кәсіби дағдыларды қолдануы қажет.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі дайындаған «Баршаға қолжетімді сапалы білім» (2023) [4, 17 б.] атты ұлттық баяндамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құру балалардың тұлғалық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқаратынын анықтай алдық. Бұл ортаның тиімділігі үшін педагогтердің кәсіби даярлығы мен балалардың білім беру ісіне белсенді қатысуы қажет. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды қауіпсіз әрі дамытушы ортада тәрбиелеуге бағытталған, педагогтердің әр баланың жеке қажеттіліктеріне жауап беретін бағдарламалар әзірлеуіне мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігі мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын арттыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың өзін-өзі реттеу және атқарушы функцияларын дамыту үшін педагогтердің кәсіби даярлығы маңызды рөл атқарады. Rosalyn A.Muir, Steven J.Howard және Lisa Kervin еңбектерінде педагогтердің кәсіби оқыту арқылы балалардың өзін-өзі реттеу және атқарушы функцияларын дамытуға қолдау көрсету қажеттілігі атап өтіледі [5, 3 б.].

Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құру болашақ педагогтердің кәсіби даярлығымен тығыз байланысты. Заттық-дамытушы орта балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, олардың дербестігін, қиялын және әлемді тануға құштарлығын арттыруға бағытталған.

Осылайша, педагогтердің кәсіби даярлығы мен заттық-дамытушы ортаны құру арасындағы байланыс балалардың өзін-өзі реттеу және атқарушы функцияларын дамытуға ықпал етеді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы балалардың дамуына қолайлы орта қалыптастыруға болады.

А. А. Алимбекова мен А. И. Булшекбаевалардың еңбектерінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі талданып және бұл бағытта инновациялық әдістер ұсынылған [6, 266 б.]. Ғалымдардың зерттеулері мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны құруда болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдірудің маңыздылығын шығаруда біздің зерттеуіміз үшін үлкен көмек болды. Зерттеу барысында талданған ғылыми-әдістемелік еңбектерге сүйене отырып біз, бірнеше маңызды ережелерді анықтадық.


1. Заттық-дамытушы ортаның маңыздылығы. Баланың әлеуметтік, когнитивті, моторлық және эмоционалдық дамуы үшін мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасы белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Ортаны құруда балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріліп, тәрбиелеу үрдісіне оңтайлы жағдай жасалуы қажет.

2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі. Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құрудағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру білім сапасын жоғарылатуға және балалардың дамуын ынталандыруға бағытталған. Педагогтердің балалардың психологиялық, әлеуметтік және физикалық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы орта құру дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады.

3. Нормативтік талаптар мен әдістемелік негіздер. Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарын қатаң сақтау қажет. Бұл құжаттар педагогтерге дамытушы ортаны ұйымдастырудың жалпы ережелерін белгілейді. Сонымен қатар, С. Л. Новоселова [7, 21 б.] мен Г. Н. Пантелеева [8, 154 б.] сынды ғалымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы дамытушы ортаны құру мәселесіне ғылыми тұрғыда қарау қажеттігін айқындайды.

4. Жаңа технологиялар мен педагогикалық әдістерді қолдану. Заманауи әдістер мен технологияларды қолдану заттық-дамытушы ортаны жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті құралдар мен ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың дамуына қолайлы жағдай жасалуы мүмкін [9, 46 б.].

Осы негіздер мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы дамытушы орта қалыптастыруға бағытталған болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын қамтамасыз етуге ықпал етеді (сурет 1).



Сурет 1 – Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық дамытушы ортаны құрудағы ортақ іс-әрекет

Жалпы 1-суретте көрсетілгендей біздің зерттеуіміз болашақ педагогтерді мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық дамытушы ортаны құруға даярлауда үлкен ынтымақтастық бар. Біз оны зерттеу барысында зерделеп, негізгі элементтерін бөліп көрсете алдық.

Заттық дамытушы ортаны құруда мектепке дейінгі ұйымдардағы барлық қатысушылардың бірлескен әрекеті маңызды рөл атқарады. Ортаның сапасын арттыруға бағытталған бұл процесс бірқатар негізгі элементтерді қамтиды:

1. Әлеуметтік-педагогикалық әріптестік – балалардың дамуына қолайлы жағдай жасау үшін педагогтер, ата-аналар және әкімшілік қызметкерлер арасындағы тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Бұл әріптестік тәрбиелік және білім беру үдерістерінде біртұтас тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

2. Материалдық-техникалық база – дамытушы ортаны құруда қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды іріктеу маңызды. Әрбір зат баланың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес болуы тиіс [10, 140 б.].

3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі – болашақ педагогтерді дамытушы ортаны құру мен тиімді пайдалану дағдыларына үйрету. Бұл үшін оларды заманауи педагогикалық технологиялармен, әдістемелік құралдармен және инновациялық тәсілдермен таныстыру қажет [11, 154 б.].

4. Балалардың қатысуы – балалар да ортаны құру үдерісіне белсенді

қатысуы керек. Олардың пікірін ескеру, таңдау жасауға мүмкіндік беру және шығармашылықтарын дамыту ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

5. Үнемі жетілдіру және бағалау – ортаның тиімділігін жүйелі түрде бағалап, оны балалардың дамуына сай жетілдіру қажет. Бұл үдерісте педагогтер мен ата-аналардың кері байланысы үлкен маңызға ие [12, 97 б.] .

Осы элементтердің үйлесімділігі мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін сапалы заттық-дамытушы ортаны қалыптастыруға негіз болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында С. Л. Новоселованың «Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалау әдістемесі» қолданылды. Бұл әдістеме балалардың жас ерекшеліктері мен психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына ықпал ететін дамытушы ортаны тиімді құруға бағытталған. Әдістемеде заттық-дамытушы ортаның құрылымдық элементтері, олардың функциялары мен орналасуының психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалған. Сонымен қатар, әдістеме балалардың қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және оларды әлеуметтік дағдыларға бейімдеу үшін арнайы құралдар мен материалдарды қолдану ұсыныстарын қамтиды.

Зерттеуде сонымен бірге Г.Н.Пантелееваның «Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған заттық-дамытушы орта әдістемесі» пайдаланылды. Бұл әдістеме болашақ педагогтердің кәсіби дағдыларын, соның ішінде коммуникативті, әдістемелік және басқарушылық құзыреттерін дамытуға ерекше назар аударады. Әдістеме негізінде болашақ педагогтерге оқу және тәрбиелеу үдерісінде кездесетін түрлі педагогикалық жағдайларды шешу қабілетін қалыптастыруға арналған практикалық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Бұл әдістемені қолдану педагогтердің өз бетінше шешім қабылдау, топта жұмыс істеу және кәсіби рефлексия жүргізу қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, ол қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану арқылы кәсіби құзыреттілікті дамытуды көздейді.

Нәтижелер және талқылау

Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құруда болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы балалардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген инклюзивті білім беру құралдарын тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруды да талап етеді. Бұл тұста біз заттық-дамытушы ортаны құруда инклюзивті ортаны да маңызды екенін зерттеу барысында ескердік.

Ғалымдар Çelik пен Tomris зерттеулерінде инклюзивті білім беруде

ата-аналар мен педагогтердің тығыз ынтымақтастығының маңыздылығын көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құруда болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы осы ынтымақтастықты тиімді ұйымдастыруға бағытталуы тиіс [13, 15 б.]. Бұл балалардың дамуын жан-жақты қолдауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ECERS-R халықаралық сапа бағалау шкаласы негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде орташа есеппен 4,1 балл (7 балдық жүйеден) тіркелген, бұл «орташа сапа» деңгейін көрсетеді. Айта кету керек, «жақсы сапа» көрсеткіші 5 баллдан басталады. Мектепке дейінгі ұйымдар «қадағалау және күтім» кіші шкаласы бойынша жоғары нәтиже көрсеткенімен, кейбір басқа кіші шкалалар 4,0 баллдан төмен нәтиже көрсетті. Солардың ішінде «заттық-дамытушы орта» айтарлықтай төмен бағаланды, әсіресе ойын мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жағдайлар бойынша [3, 16 б.].

Ең төменгі ұпайлар «белсенділік түрлері» кіші шкаласындағы көрсеткіштерден байқалды: текшелер, математика, ойын, табиғат/ғылым, музыка/қозғалыс, өнер, ұсақ моторика сияқты салалар бойынша балаларға арналған ортаның жеткіліксіздігі мен қолжетімділігі анықталды. Зерттеу нәтижелері педагог-тәрбиешілер мен балалар арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығын, баланың эмоционалды дамуын қолдаудың, жеке көзқарасты қалыптастырудың және тәрбиеленушілердің мүдделерін қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетті [3, 17 б.].

Заттық-дамытушы орта баланың дамуы үшін маңызды құрал болып табылады. Психологтар мен педагогтердің зерттеулерінде (Л.С. Выготский [14, 335 б.], Д.Б. Эльконин [15, 147 б.] орта баланың іс-әрекетін белсендіруге және оның әлеуетін ашуға бағытталған негізгі фактор ретінде қарастырылады.

В.А.Петровскийдің пікірінше, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың өзіндік білім алуына және дамуына ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған кеңістік. М.Н.Полякова бұл ортаны табиғи, қолайлы және сенсорлық ынталандырғыштармен байытылған орта ретінде сипаттайды.

С.Л. Новоселова дамытушы ортаны баланың рухани және физикалық дамуын қамтамасыз ететін функционалды модель ретінде қарастырады. Ол бұл ортаның негізгі элементтеріне архитектуралық-ландшафтық объектілерді, көркемдік студияларды, ойын және спорт алаңдарын, конструкторларды, тақырыптық ойыншықтар жиынтықтарын және ақпараттық құралдарды жатқызады.

Р.Б. Стеркинаның айтуынша, заттық-дамытушы орта балалар мен ересектердің өмірін эргономикалық және эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруға негізделген. Бұл орта баланың психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қауіпсіздік пен денсаулықты сақтауға бағытталған.

В.А. Ясвин білім беру ортасын тұлғаның қалыптасуына және дамуына ықпал ететін әлеуметтік және заттық-кеңістіктік мүмкіндіктер жүйесі ретінде сипаттайды. Бұл анықтама дамытушы орта ұғымына ұқсас, бірақ тұлғаның өзіндік дамуын тереңірек түсінуді талап етеді.

Заттық-дамытушы ортаны тиімді құру үшін болашақ педагогтерге келесі бағыттар бойынша кәсіби дайындау қажет:

1. Теориялық білім:

Болашақ педагогтер дамытушы ортаның педагогикалық және психологиялық негіздерін меңгеруі тиіс. Бұл олардың заттық ортаның құрылымын түсінуіне және оны бала дамуы үшін қалай қолдануға болатынын білуіне мүмкіндік береді.

2. Практикалық дағдылар:

Оқытудың практикалық кезеңдерінде болашақ педагогтер заттық-дамытушы ортаны жобалау және ұйымдастыру бойынша тәжірибе жинақтайды. Олар балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес ортаны бейімдеу дағдыларын игереді.

3. Шығармашылық қабілеттер:

Болашақ педагогтер жаңа идеялар мен технологияларды енгізе отырып, балалардың қызығушылығын арттыратын шығармашылық орта құра білуі қажет.

4. Эргономикалық және қауіпсіздік талаптарын сақтау:

Ортаны ұйымдастыруда болашақ педагогтер балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін эргономикалық принциптерді басшылыққа алуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаның тиімділігі педагогтердің кәсіби даярлығына байланысты. Теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесімі, сондай-ақ шығармашылық пен инновациялық тәсілдер болашақ педагогтерге сапалы дамытушы орта құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-дамытушы ортаны құру мәселесі бойынша Н.А. Реуцкая, В.И. Логинова және Л.А. Венгер сынды ғалымдардың еңбектері маңызды рөл атқарады. Олардың зерттеулері болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруде негіз болып табылады.

Н.А. Реуцкая балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырудың әдістемелік аспектілерін зерттеді. Оның еңбектері педагогтерге балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін ортаны құруға көмектеседі.

В.И. Логинова балалардың еңбек әрекеттері арқылы дамуын зерттеп, мектепке дейінгі ұйымдарда еңбекке баулу бағдарламаларын әзірледі. Оның жұмыстары болашақ педагогтерге балалардың еңбек дағдыларын

қалыптастыруда заттық-дамытушы ортаны тиімді пайдалануға бағыт береді.

Л.А. Венгер балалардың психикалық дамуы мен танымдық процестерін зерттей отырып, заттық-дамытушы ортаның құрылымы мен мазмұнына ерекше назар аударды. Оның еңбектері педагогтерге балалардың ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ортаны ұйымдастыруда әдістемелік негіз болып табылады.

Бұл ғалымдардың зерттеулері болашақ педагогтердің кәсіби даярлығында маңызды орын алады. Олардың еңбектерін оқу және тәжірибеде қолдану арқылы педагогтер заттық-дамытушы ортаны тиімді ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ете алады.

Талданған зерттеулердің негізінде біз мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасының құрылымын (1 сурет) және мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамыту ортасын құрудағы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының компоненттерін анықтап, нақтылай алдық (1 кесте).



Сурет 2 – Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасының құрылымы

Кесте 1 - Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамуы ортасын құрудағы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы

Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамуы ортасының компоненттері	Болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының аспектілері	Күтілетін нәтижелер	Әдістемелік қолдау түрлері
Дамытушы заттық-кеңістіктік орта	- Педагогикалық жобалау және дизайн негіздерін игеру - Заттық-кеңістікті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес ұйымдастыру	- Балалардың танымдық белсенділігі, қызығушылығы артады - Балалардың физикалық қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі	- Дамытушы ортаны құру әдістемелері бойынша тренингтер - Дамытушы материалдарды дұрыс іріктеу бойынша нұсқаулықтар
Ойын және оқу құралдары	- Ойын әдістемелерін қолдану дағдылары - Математика, тіл, музыка, көркем өнер бағытында дамытушы материалдарды пайдалану	- Балалардың ұсақ моторикасы мен сенсорлық дағдылары дамиды - Танымдық және шығармашылық қабілеттер артады	- Ойындарды ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныптары - Оқу құралдарын тиімді қолдану бойынша практикалық сабақтар
Инклюзивті білім беру құралдары	- Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу технологияларын меңгеру - Әлеуметтік және психологиялық қолдау негіздерін білу	- Инклюзивті ортаға бейімделген балалар - Барлық балаларда бірдей даму мүмкіндіктері қамтамасыз етіледі	- Инклюзивті білім беру әдістемелері бойынша семинарлар - Психологиялық қолдау көрсетудің әдістері бойынша практикалық сабақтар
Қауіпсіздік және эргономика	- Оқу бөлмелерін эргономикалық талаптарға сай ұйымдастыру - Жарақаттардың алдын алу тәсілдерін білу	- Қауіпсіз әрі ыңғайлы оқу кеңістігі - Балалардың физикалық денсаулығын қорғау	- Эргономика және қауіпсіздік бойынша тренингтер - Балаларға арналған қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулықтар
Эмоционалдық және әлеуметтік кеңістік	- Балалардың эмоционалдық күйін басқару әдістерін меңгеру - Топтық жұмысты ұйымдастыру және әр баланың даралығын қолдау	- Балалардың эмоционалдық тұрақтылығы және қарым-қатынас дағдылары артады - Балалардың өзара түсіністік және қолдау қабілеттері артады	- Эмоционалдық интеллектті дамыту бойынша тренингтер - Топтық жұмысты ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныптары


Ата-аналармен өзара іс-қимыл	- Ата-аналарды оқыту мен кеңес беру бойынша негізгі тәсілдерді игеру - Ата-аналармен сындарлы қарым-қатынас орнату	- Балалардың дамуында ата-аналардың белсенді рөлі қамтамасыз етіледі - Баланың үйде дамуына оңтайлы жағдайлар жасалады	- Ата-аналарға арналған ақпараттық-кеңестік қолдау жүйесін құру - Жеке консультациялар және ашық сабақтар ұйымдастыру
------------------------------	---	---	--

Зерттеу бойынша эксперименттік жұмысқа жалпы саны 63 болашақ мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешісі қатысты. Бақылау тобында 31 білім алушы, эксперименттік топта 32 білім алушы болды. Зерттеуде С.Л. Новоселованың «Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалау» әдістемесі мен Г.Н. Пантелееваның «Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған заттық-дамытушы орта» әдістемелері пайдаланылды.

Кесте 2 - С.Л. Новоселованың «Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалау» әдістемесі бойынша тәжірибе нәтижесі

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалай алу мүмкіндіктері	Бақылау тобы (n=31)	Эксперименттік тобы (n=32)
	%	%
1	2	3
Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы ортаны жобалау қабілеті	25 %	26 %
Бала дамуының барлық бағыттарын есепке ала алу	18 %	18 %
Ортаның әртүрлілігі, олардың ұтымды орналасуын жүзеге асыра алуы	18,5 %	19 %
Әртүрлі жағдайда заттық дамытушы ортаны құра алу икемділігі	20,7 %	19 %
Заттық дамытушы ортаны құруда аймақтарды бағдарлай алу дағдысы	17,8 %	18 %

С.Л. Новоселованың әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері арасында Пирсон корреляция коэффициенті 0.96 ($p = 0.011$) деңгейінде анықталды. Бұл жоғары деңгейлі оң корреляцияны білдіреді, яғни екі топтың көрсеткіштері арасында күшті сызықтық байланыс бар.



Сурет 3 - С.Л. Новоселованың «Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны жобалау» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасындағы сызықтық байланыс

Пирсон корреляция коэффициенті ($r = 0.96$) эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері арасында өте жоғары байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл екі топтың зерттелген қабілеттер бойынша ұқсас түрде дамығанын білдіреді.

Р-мәні 0.011 болғандықтан, бұл көрсеткіш 0.05-тен төмен, яғни нәтиже статистикалық тұрғыдан маңызды. Демек, бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштері арасындағы байланыс кездейсоқтық емес.


Корреляция коэффициентінің мәні топтар арасында күшті байланыс бар екенін көрсетсе де, кейбір индикаторлар бойынша айырмашылықтар байқалады. Мысалы, жобалау қабілеті мен ортаның әртүрлілігін жүзеге асыру қабілеттері эксперименттік топта сәл жоғары. Бұл эксперименттік әдістердің белгілі бір артықшылықтарын көрсетеді.

Бұл зерттеу нәтижелері эксперименттік әдістемелердің болашақ педагогтердің қабілеттерін дамытуда тиімді екенін көрсетеді. Алайда, екі топтың нәтижелері арасындағы жоғары байланыс әдістемелерді қолдану барысында білім алушылардың қабілеттері ұқсас түрде дамып жатқанын дәлелдейді. Болашақта әр дағдыны тереңдету үшін қосымша әдістемелік жұмыстар жүргізу қажет екенін анықтай алдық.

Кесте 3 - Г.Н. Пантелееваның «Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған заттық-дамытушы орта» әдістемесі бойынша тәжірибе нәтижесі

Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған мотив мазмұны	Зерттелінушілердің жалпы саны (n=63)		Бақылау тобы (n=31)		Эксперименттік топ (n=32)	
	а б с . Тандау	%	а б с . Тандау	%	а б с . Тандау	%
Болашақ педагогтердің зияткерлік және шығармашылық қасиеттері						
Мамандыққа сай құзыреттілік	16	25,25%	8	25 %	8	25,5 %
Кәсіби дағдылардың болуы	12	20 %	6	20 %	6	20 %
Креативті ойлау қабілеті	10	16,75 %	5	16,5 %	5	17 %
Талдау және сараптау икемділігі	13	18,75	6	18,5%	7	19 %
Өз іс-әрекетін жоспарлау мен жобалаудағы икемділік	12	19,25	6	20 %	6	18,5 %
Болашақ педагогтердің эмоционалдық және ерік-жігер қасиеттері						
Инициативтілік және эмоционалдық жігер	13	18,5 %	6	18 %	7	19 %
Жұмысқа табандылық, өзіне және өзгелерге жоғары талап қою	15	24,25 %	7	24 %	8	24,5 %
Мақсаттылық және ерік-жігерлі ұйымдастырушылық	11	18 %	6	19 %	5	17 %
Өзіндік шешім қабылдау қабілеті	14	21%	7	21 %	7	21 %
Еңбекқорлық	10	18,25 %	5	18%	5	18,5 %
Болашақ педагогтің заттық-дамытушы ортаны құрудағы сапалары						
Қарым-қатынастағы эмоционалды тұрақтылық	18	29,1 %	9	29 %	9	29,2 %
Ұйымдастырушылық сапалар	15	24,15 %	7	24 %	8	24,3 %
Баланың жас ерекшелігі мен қызығушылықтарын ескерудегі талғам	14	22,6 %	7	23 %	7	22,2 %
Болашақ педагогтердің кәсіби қызметіне сүйіспеншілік	16	24,15 %	8	24 %	8	24,3 %

Эксперимент барысында болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың түрлі аспектілері бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтар зерттелді.



Сурет 4 – Г.Н. Пантелееваның «Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған заттық-дамытушы орта» әдістемесі бойынша эксперимент нәтижесінің диаграммасы

Нәтижелер Студенттің t-критеріі арқылы талданды, бұл екі топтың көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік берді.

1. Мамандыққа сай құзыреттілік. Т-критерий нәтижесінде t-статистика $-\infty$, ал p-мәні 0 болып шықты. Бұл бақылау және эксперименттік топтар арасында статистикалық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылық бар екенін білдіреді. Эксперименттік топтың бұл көрсеткіштері жоғары екені байқалды.

2. Кәсіби дағдылардың болуы. Бұл категория бойынша t-статистика және p-мәні есептелмеді (NaN). Бұл екі топ арасындағы айырмашылық жоқ немесе өте аз екенін көрсетеді, яғни екі топтың кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейі бірдей болды.

3. Креативті ойлау қабілеті. Бұл көрсеткіш бойынша t-статистика $-\infty$, ал p-мәні 0. Бұл эксперименттік топтың бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары креативтілік деңгейіне ие екенін көрсетеді.

4. Талдау және сараптау икемділігі. Т-статистика тағы да $-\infty$, ал p-мәні 0 болды. Бұл көрсеткіш бойынша да эксперименттік топтың нәтижелері едәуір жоғары, яғни эксперимент әдістемесі талдау және сараптау қабілеттерін жақсартуға ықпал етті.

5. Өз іс-әрекетін жоспарлау мен жобалаудағы икемділік. Бұл категорияда t-статистика $+\infty$ және p-мәні 0 болып шықты, бұл эксперименттік топтың бұл көрсеткіш бойынша бақылау тобынан айтарлықтай жоғары екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтың көптеген көрсеткіштер бойынша бақылау тобынан айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетті. Әсіресе, шығармашылық, талдау қабілеттері мен іс-әрекетті жоспарлау икемділігі сияқты маңызды кәсіби қасиеттер бойынша айырмашылықтар анықталды. Бұл қолданылған педагогикалық әдістемелердің болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға оң ықпал еткенін дәлелдейді.

Эксперимент нәтижелері болашақта педагогикалық әдістемелерді жетілдіру және кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар жасау үшін маңызды негіз бола алады.

Қорытынды

Зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын құруда болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдірудің маңызы жан-жақты талданды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған әдістердің тиімділігі дәлелденді. Зерттеу көрсеткендей, кәсіби даярлық деңгейін арттыру болашақ педагогтердің заттық-дамытушы ортаны сапалы жобалау және ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастырады, бұл өз кезегінде балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Эксперименттік топтың нәтижелері болашақ педагогтердің төмендегідей маңызды дағдыларды меңгергенін көрсетті:

1. Заттық-дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жобалау;
2. Балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыруға бағытталған инновациялық әдістерді қолдану;
3. Оқу-тәрбие процесінде қауіпсіз және эргономикалық кеңістік қалыптастыру;
4. Инклюзивті орта құру арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау.

Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби өсуі ата-аналармен тиімді серіктестік орнату және балалардың білім алу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету арқылы күшейтілді. Зерттеу барысында педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық балалардың даму қажеттіліктерін ескеріп, оларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі – педагогтердің білім беру ортасын үнемі жетілдіру және оның тиімділігін бағалау механизмдерін енгізу болды. Бұл тәжірибе педагогикалық процестің барлық қатысушыларының бірлескен әрекетінің маңыздылығын айқындады.

Жалпы, зерттеу болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

- Заттық-дамытушы ортаны құруда педагогикалық инновацияларды кеңінен қолдану;

- Балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған әдістемелерді дамыту;

- Педагогтерді жүйелі түрде кәсіби дамыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатыстыру;

- Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны қалыптастырудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру.

Осылайша, зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру саласында білім сапасын арттыруға, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жаңа деңгейге көтеруге ықпал ететін ғылыми-әдістемелік негіздер мен тәжірибелік ұсыныстарды ұсынды. Алынған нәтижелер мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын жетілдіру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта құру үшін маңызды бағыт болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III Қазақстан Республикасының Заңы - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> [Қаралған күні 2.10.2024]

[2] «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №406 бұйрығы. - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> [Қаралған күні 2.10.2024].

[3] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> [Қаралған күні 2.10.2024].

[4] «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндама жобасы. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 27.09.2023 ж. - Кіру режимі: <https://primeminister.kz/decisions/15032021-137> [Қаралған күні 2.10.2024].

[5] Rosalyn A. Muir, Steven J. Howard, Lisa Kervin. Supporting early childhood educators to foster children’s self-regulation and executive functioning through professional learning. //Early Childhood Research Quarterly. – 2024. - Volume 67. - Pages 170-181.

[6] Кожажулов А.Т., Алимбекова А.А., Булшекбаева А.И. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың әлеуеті. //Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы “Педагогика ғылымдары” сериясы. – 2024. - 3 (74. - 266-287 б.

[7] Новоселова С. Развивающая предметная среда: Методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн - проектов

развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах Л. Н. Павлова. 2-е изд. - М.: Айресс Пресс, 2022. - 74 с.

[8] Пантелеев Г.Н. Эстетика участка дошкольного учреждения: Книга для работников дошкольных учреждений. М.: Просвещение, 2018. - 110 с. 114.

[9] Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. - Алматы: «Альманах» баспасы», 2018. – 269 б.

[10] Кочурина, Т.С. Модель подготовки будущих педагогов к формированию конструкторских умений дошкольников. //Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – Выпуск 76 (3). – С. 140–143.

[11] Крежевских О.В. Развивающая предметно-пространственная среда дошкольной образовательной организации: учебное пособие для академического бакалавриата – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2018. – 165 с.

[12] Кочурина, Т.С. Педагогический дизайн конструкторского центра развивающей предметно-пространственной среды ДОО. Экспериментальная наука: механизмы, трансформации, регулирование: сборник статей Всероссийской научно-практической конференции с международным участием (13 ноября 2022 г., г. Челябинск.). – Уфа: Аэтерна, 2022. – С. 97–103.

[13] Çelik S., Tomris G. “A chain of interlocking rings”: Preschool teachers’ experiences regarding home-school collaboration with a focus on children with special needs and their parents in inclusive education. //Children and Youth Services. – 2024. - Review Volume 163. - 107700.

[14] Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 2023. – 445 с.

[15] Эльконин Д.Б. Диагностика учебной деятельности и интеллектуального развития детей. – М., 2023. – 748 с.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respublikasynyn “Bilim turaly” Zany. 27.07.2007 zh., №319-III Qazaqstan Respublikasynyn Zany. (Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”) - Kirw rejimi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [Qaralğan kúni 2.10.2024].) [in Kaz]

[2] “Mektepke deingi tárбие men oqýtydyn, bastayýysh, negizgi orta, jalpy orta, tekniкаlyq jáne kásiptik, orta bilimnen keingi bilim berýdin memlekettik jalpygha mindetti standarttaryn bekitý turaly” Qazaqstan Respublikasynyn Oqu-aǵartu ministrinin 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy №348 býryǵyna ózgertýler engizý turaly Qazaqstan Respublikasynyn Oqu-aǵartu ministrinin 2022 jylǵy 23 qyrkújektegi №406 býryǵy. (State Compulsory Educational Standards for Preschool, Primary, Basic Secondary, General Secondary, Technical and

Vocational, Post-Secondary Education) - Kirw rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> [Qaralğan kúni 2.10.2024]. [in Kaz]

[3] Qazaqstan Respublikasynyn Úkimetinín 2021 jylǵy 15 naýryzdaǵy №137 qaýlysynen bekitilgen. Mektepke deingí tárbieleý men oqýtydy damytý modeli (Model for the Development of Preschool Education and Training). - Kirw rejimi: <https://primeminister.kz/decisions/15032021-137> [Qaralğan kúni 2.10.2024]. [in Kaz]

[4] “Barshaǵa qolzhetimdi sapaly bilim” Últtyq bayandama jobalasy. Qazaqstan Respublikasynyn Oqu-aǵartu ministrliǵy 27.09.2023 zh. (National Report Draft “Accessible Quality Education for All”) - Kirw rejimi: <https://primeminister.kz/decisions/15032021-137> [Qaralğan kúni 2.10.2024]. [in Kaz]

[5] Rosalyn A. Muir, Steven J. Howard, Lisa Kervin. Supporting early childhood educators to foster children’s self-regulation and executive functioning through professional learning. //Early Childhood Research Quarterly. – 2024. - Volume 67. - Pages 170-181.

[6] Kozhagulov A.T., Alimbekova A.A., Bulshkebaeva A.I. Art-tehnologiya arqyly bolaşaq mektepke deingí úym pedagogteriniń kásibi qūzyrettiligin damytýdyń áleýeti (The Potential of Developing Professional Competence of Future Preschool Teachers through Art Technology). Abylai han atyndaǵy QazHQAETU Habarshysy “Pedagogika ǵylymdary” seriýasý. – 2024. - 3 (74. - 266-287 b.

[7] Novoselova S. Razvivayushchaya predmetnaya sreda: Metodicheskie rekomendatsii po proektirovaniyu variativnykh dizayn-proektov razvivayushchey predmetnoy sredy v detskikh sadakh i uchebno-vospitatel’nykh kompleksakh (Developing Subject Environment: Methodical Recommendations for Designing Variative Design Projects in Kindergartens and Educational Complexes). L. N. Pavlova. 2-e izd. - M.: Ayress Press, 2022. - 74 s. [in Rus]

[8] Pantelev G.N. Estetika uchastka doshkol’nogo uchrezhdeniya: Kniga dlya rabotnikov doshkol’nykh uchrezhdeniy (Aesthetics of the Preschool Institution Site: A Book for Preschool Workers). - M.: Prosveshchenie, 2018. - 110 s. [in Rus]

[9] Zhienbaeva S.N., Bekmagambetova R.K., Syzdykbaeva A.Zh., Bol’shebaeva A.I. Mektepke deingí pedagogika (Preschool Pedagogy). Oqý qūraly. - Almaty: “Al’manah” baspasy, 2018. – 269 b. [in Kaz]

[10] Kochurina, T.S. Model’ podgotovki budushchikh pedagogov k formirovaniyu konstruktor-skikh umeniy doshkol’nikov (Model of Preparing Future Teachers for Developing Preschoolers’ Construction Skills). Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. – 2022. – Vypusk 76 (3). – S. 140–143. [in Rus]

[11] Krezhevskikh O.V. Razvivayushchaya predmetno-prostranstvennaya sreda doshkol’noy obrazovatel’noy organizatsii: uchebnoe posobie dlya akademicheskogo bakalavriata (Developing Subject-Spatial Environment of

Preschool Educational Organization: Textbook for Academic Bachelor's Degree). – 2-e izd., pererab. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo Yurayt, 2018. – 165 s. [in Rus]

[12] Kochurina, T.S. Pedagogicheskiy dizayn konstruk-torskogo tsentra razvivayushchey predmetno-prostranstvennoy sredy DOO (Pedagogical Design of the Construction Center of the Developing Subject-Spatial Environment in Preschool Educational Organizations). Eksperimental'naya nauka: mekhanizmy, transformatsii, regulirovanie (Conference Proceedings). Ufa: Aeterna, 2022. – S. 97–103. [in Rus]

[13] Çelik S., Tomris G. “A chain of interlocking rings”: Preschool teachers' experiences regarding home-school collaboration with a focus on children with special needs and their parents in inclusive education. //Children and Youth Services. – 2024. - Review Volume 163. - 107700.

[14] Vygotskiy L.S. Pedagogicheskaya psikhologiya (Pedagogical Psychology). – M., 2023. – s. 25–30. [in Rus]

[15] Elkonin D.B. Diagnostika uchebnoy deyatel'nosti i intellektual'nogo razvitiya detey (Diagnosis of Educational Activity and Intellectual Development of Children). – M., 2023. – 748 s. [in Rus]

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В СОЗДАНИИ ПРЕДМЕТНО-РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Каримова Р.Е.¹, Алимбекова А.А.², *Булшекбаева А.И.³

^{1,2,*3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье всесторонне обсуждаются вопросы повышения профессиональной подготовки будущих педагогов в создании предметно-развивающей среды в дошкольных организациях. Это исследование занимает важное место в современной педагогической науке и практике, так как предметно-развивающая среда является одним из ключевых факторов, влияющих на физическое, когнитивное, социальное и эмоциональное развитие детей. Авторы подчеркивают важность использования современных методов и подходов, предлагая методологические основы для создания условий, способствующих всестороннему развитию детей.

В ходе исследования были использованы методики С.Л.Новоселовой «Проектирование предметно-развивающей среды в дошкольных организациях» и Г.Н.Пантелеевой «Предметно-развивающая среда для развития профессиональной компетентности». Эти методики направлены на развитие профессиональных компетенций будущих педагогов, включая проектирование, анализ, творческие и управленческие способности. Кроме того, в исследовании рассматривались возможности применения инновационных технологий в образовательном процессе.

В практической части были сопоставлены результаты контрольной и экспериментальной групп, что подтвердило эффективность экспериментальных методик. В процессе экспериментальной работы будущие педагоги освоили навыки эффективной организации предметно-развивающей среды и успешно применяли их в образовательном процессе. Результаты исследования показали значительное улучшение профессиональной подготовки педагогов за счет использования новых методов.

Авторы разработали практические рекомендации по развитию педагогической компетентности и отметили вклад результатов исследования в повышение качества дошкольного образования. Также в статье рассматриваются методические рекомендации и стратегии, направленные на совершенствование образовательной среды в дошкольных организациях, что способствует профессиональному росту педагогов и всестороннему развитию детей.

Ключевые слова: дошкольная организация, предметно-развивающая среда, профессиональная подготовка, педагогическая компетентность, педагог-воспитатель, проектирование, создание среды, специалист

PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE EDUCATORS IN CREATING A MATERIAL AND DEVELOPMENTAL ENVIRONMENT IN PRESCHOOL ORGANIZATIONS

*Karimova R.¹, Alimbekova A.², *Bulshekbayeva A.³

^{1,2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article comprehensively discusses the issues of enhancing the professional training of future educators in creating a subject-developing environment in preschool institutions. This research holds a significant place in modern pedagogical science and practice, as the subject-developing environment is one of the key factors influencing children's physical, cognitive, social, and emotional development. The authors emphasize the importance of using modern methods and approaches, providing methodological foundations for creating conditions conducive to the comprehensive development of children.

The study utilized S.L. Novoselova's methodology "Designing the Subject-Developing Environment in Preschool Institutions" and G.N. Panteleeva's methodology "Subject-Developing Environment for Developing Professional Competence." These methodologies aim to develop the professional competencies of future educators, including skills in design, analysis, creativity, and management. Additionally, the study explored the possibilities of integrating innovative technologies into the educational process.

In the practical part, the results of the control and experimental groups were compared, demonstrating the effectiveness of the experimental methodologies.

During the experimental work, future educators acquired skills in efficiently organizing the subject-developing environment and successfully applied them in the educational process. The research findings showed a significant improvement in educators' professional training through the application of new methods.

The authors provide practical recommendations for developing pedagogical competence and highlight the contribution of the research results to improving the quality of preschool education. Furthermore, the article presents methodological recommendations and strategies aimed at enhancing the educational environment in preschool institutions, fostering the professional growth of educators and the comprehensive development of children.

Keywords: preschool organizations, subject-developing environment, professional training, pedagogical competence, educator, design, environment creation, specialist

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 28.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Каримова Разия Елеупановна - педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, email: raziya.1966@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0942-2096>

Алимбекова Анар Аймолдановна – Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: aaalimbekova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5154-9560>;

Булшекбаева Асем Исаевна – Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: bulshekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>.

Информация об авторах:

Каримова Разия Елеупановна - магистр педагогических наук, докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, email: raziya.1966@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0942-2096>

Алимбекова Анар Аймолдановна -доктор философии (PhD), и.о. ассоц. проф. Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, email: aaalimbekova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5154-9560>;

Булшекбаева Асем Исаевна-доктор философии (PhD), и.о. ассоц. проф. Казахского национального педагогического университета имени Абая,

Алматы, Қазақстан, email: bulshekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>.

Information about authors:

Karimova Raziya - master of science, doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, raziya.1966@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0942-2096>

Alimbekova Anar - Doctor PhD, acting associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, aaalimbekova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5154-95607>;

Bulshekbaeva Assem - Doctor PhD, acting associate professor, Abai Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, bulshekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>.